

Бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногын жандандыру жөніндегі кейбір шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1998 жылғы 14 тамыздағы N 12 Қаулы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 14 тамызда тіркелді. Тіркеу N 628. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

К ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л ғ а н
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

7. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногын жандандыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" 1998 жылғы 14 тамыздағы N 12 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 628 тіркелген, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағында жарияланған, 1998 жыл, 2 том)...

Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногын жандандыру мақсатында және Қазақстан қор биржасы мүшелерінің 1998 жылғы 13 шілдеде өткен жалпы жиналысында "Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу нысаны жөніндегі қағидалардың" қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) қаулы етеді:

1. Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияны иеленген ұйымдар (бұдан әрі "Брокерлік ұйымдар" деп аталады) өз араларында мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздармен

мәмілелерді тек қана бағалы қағаздармен саудаластықтарды ұйымдастырушылардың сауда алаңдарында (сауда жүйелерінде) жасасуға м і н д е т т е л с і н .

2. Осы Қаулының 1-тармағының күші Брокерлік ұйымдардың өз атынан және өз есебінен жасалған мәмілелерге де және олардың үшінші тұлғалардың (клиенттердің) тапсырмасы бойынша және есебінен жасаған мәмілелерге де қолданылатындығы белгіленсін.

3. Осы Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау б а с қ а р м а с ы :

1) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ын, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының қауымдастығын және осындай қауымдастықтың мүшелері болып табылмайтын Брокерлік ұйымдарды осы Қаулы туралы жазбаша ескертсін ;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Комиссияның Төрағасы

Комиссияның мүшелері